# Мұнайлы өлке

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№06 (128), шілде, 2020 жыл


## Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті:

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҰР

### (Мемлекет басшысының республикалық «Ана тілі» газетіне арнайы берген сұхбаты)

**– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінде бүкіл әлемді алаңдатып отырған індет, өкінішке қарай, біздің елімізге де оңай тиген жоқ. Пандемия алғаш басталғаннан-ақ, Өзіңіздің басшылығыңызбен мемлекет көптеген әлеуметтік-экономикалық іс-шараларды қолға алды. Одан жалпы жұрт хабардар. Елімізде жарияланған төтенше жағдай екі айға жуық мерзімге созылды. Карантин шаралары әлі де жалғасып келеді.**

**Жалпы соңғы кезде карантин шараларына қарамастан елімізде індет тез таралуда. Қазірдің өзінде дерт жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Жүзден аса адам осы науқастан қайтыс болды. Жұрт кәдімгідей үрей құшағында қалды. Бұл індет түрлі деңгейдегі билік өкілдерін де айналып өткен жоқ. Ел арасында «Үкімет індеттің таралуын бақылаудан шығарып алды, сондықтан ауруханаларда орын жетіспейді» деген секілді әңгімелер де аз емес. Дүрліккен жұртқа қандай басу айтасыз? Расында да, осы індеттің таралуына қарсы күресте жеңіліп жатқан жоқпыз ба?**

– Шынында да, бұл індет біздің ғана емес, жалпы әлемдегі адамзаттың бет-бейнесін, тұрмыс-тіршілігін өзгертті. Ауыр дерттің алдында дамыған мемлекеттердің өздері дәрменсіз болып отыр. Оған бәріміз куәміз. Озық деп жүрген Еуропа елдері, азуын айға білеген АҚШ, Азия алыптары – Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, тағы басқа да елдер тығырыққа тірелгендей. Ал қазір, «біз осы індетпен күресте жеңіліп жатырмыз немесе Үкімет ахуалды бақылаудан шығарып алды» деуге болмайды. Өздеріңізге мәлім, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұқпалы ауруларға арналған үш аурухана жедел салынды. Басқа өңірлердегі ауруханалар керек-жарақпен жабдықталды. Науқастарды емдеуге дәрігерлеріміздің біліктілігі жетеді. Қазір, ақ халатты абзал жандар күндіз-түні осы індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүр. Мемлекет тарапынан қажетті қаражат бөлінді.

Бір нәрсені айта кетейін, биліктегілер де – өздеріңіз секілді ет пен сүйектен жаралған адамдар. Лауазымды қызметкерлер жұмыс бабына байланысты бірқатар азаматтармен кездесуі керек, сондықтан ел ішіндегі іссапарларға шығады. Сондай жағдайда кеселді жұқтырып алуы мүмкін. Иә, олар да ауырады, науқасынан емделеді. Билікте жүргендердің арасынан 15 шақты адам осы дертке шалдықты. Ал қазіргі статистика бойынша, вирус жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Яғни олардың көпшілігі – қарапайым халық. Бұл жердегі мәселе кімнің қалай жұқтырып алғанында емес. Сол азаматтарымыздың ауруын асқындырып алмай, тезірек жазылып шығуына жағдай жасау қажет. Ауруға шалдыққандарды шенеунік немесе қарапайым жұрт деп бөліп қарауға болмайды. Қазақ «Кемедегінің жаны бір» дейді. Біз бір елде тұрып, бір ауаны жұтып, бір қоғамда өмір сүріп жатқаннан кейін ешкім де бұл аурудан өзін толықтай қорғай алмайды. Бір планетаны мекен еткен соң өзге елдегі дерт бізге келмейді деп бейқам отыра алмаймыз. Пандемия шекараға қарамайды. Сақтансақ қана өзімізді, жақындарымызды аурудан аулақтата аламыз. Сондықтан ел азаматтарын карантин режимін қатаң сақтап, тазалыққа мұқият болуға шақырамын. Бұл – өтпелі қиындық, уақытша сынақ. Біз осы індеттен және экономикалық дағдарыстан кейін қалай дамимыз, не істеуіміз керек деген мәселеге баса мән бергеніміз жөн.

**– Иә, қоғам орнында тұрмайды, дамуы керек. Орайы келгенде қордаланып қалған, келешекте қалай болады деп халық жауабын күтіп жүрген бірқатар қадау-қадау мәселелер жайлы сөз қозғасақ. Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауыңызда қазақ тілінің**




**қолданыс аукымын кеңейту мәселесіне ерекше тоқталған едіңіз. Өзіңіз білесіз, биыл жарық көргеніне 30 жыл толған «Ана тілі» ұлт басылымы да тұңғыш санынан бастап туған тілдің бары мен жоғын түгендеп келеді. Мемлекеттік тіліміз ұлтаралық қатынас тіліне айналуы үшін қандай қадамдар жасалуы керек деп есептейсіз?**

– «Ана тілі» газеті – қазақ тілінің қоғамдағы мән-маңызын арттыру, оның көкжиегін кеңейту мәселесін ұдайы қозғап жүр. Бұл басылым әрдайым ұлттық мүддеге берік болып, тілімізге жанашырлық танытып келеді. Осындай елеулі еңбектеріңіз үшін басылымда жұмыс істейтін журналистерге, үнемі ой-талқыға атсалысып жүрген жазушылар мен ғалымдарға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Осы отыз жыл ішінде қазақ тілін дамытуға қатысты ештеңе істелген жоқ деуге болмайды. Туған тіліміздің қолдану аясын кеңейту үшін көп жұмыс атқарылды. Оған дау жоқ. Мұны сырт көз сыншылар да айтып жүр. Бірақ олардың кейбірі мұндай үрдіске аса қуана қоймайды. Өйткені енді қазақ тілінің дамуын тежеп, ел ішінде кең өріс алуын тоқтату мүмкін емес екенін сезеді.

Қазақ тілінің жағдайы туралы айтқанда, мемлекетіміздің негізін қалаған, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айырықша еңбегін атап өтуге тиіспіз. Ол елімізде мемлекет құраушы ұлттың саны едәуір аз болғанына қарамастан Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялады. Сондай аумалы-төкпелі кезеңнің өзінде Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей ықпал етуімен Парламент қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады.

Шындығында, тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекеттігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін. Бұған Украинаны мысалға келтірсек те жеткілікті деп ойлаймын. Мемлекеттік тілді дамыту ісінде қызбалыққа салынып, оның қолдану аясын күшпен кеңейтуге ұмтылудың кері әсері болары анық. Өйткені оның соңы ұлтаралық араздыққа дейін жетуі мүмкін. Сонымен қатар бұл тұрғыда геосаяси жағдайды да назардан тыс қалдырмауымыз керек. Әсіресе Ресеймен арадағы шекарамыздың әлемдегі ең ұзын шекара екенін де әсте естен шығармаған жөн. География – геосаясаттың маңызды факторының бірі.

Бірақ бұл мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды тоқтатып қою керек дегенді білдірмейді. Қайта оны ың-шыңсыз, айғайламай, қызбалыққа салынбай, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет. Бұл орайда Өзбекстанның тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Олар өздеріне тән жайлы мінезіне салып, ұрандатып-шулатпай-ақ, қажет кезінде орыс тіліне де жүгіне отырып, тіл мәселесін толық шешіп алды. Менің таңғалатыным, Өзбекстанның мемлекеттік органдарында әлі күнге дейін орыс тілі қолданылады. Тіпті олардың тұтас тарихында да осылай болған. Өзбектер қоғамдық қатынастарды саясиландырмай, еңбек пен саудаға басымдық беріп, XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды. Сондықтан ұлы Абайдың өзбек халқына қатысты айтқан парасатты ой-пікірі қазіргі технология ғасырында да өзінің өзектілігін жоғалтпағанын байқаймыз. Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптайды. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздыққа жетелейтін еңбекпен айналысып жатыр.

Тарихтан сабақ ала отырып, біз технология мен роботтар басты рөл атқаратын жаңа дәуірдегі қазақ халқының игілікті өмірі жайында ойлануымыз керек. Әлем түпкілікті өзгерістердің алдында тұр. Сол себепті есте жоқ ескі заманды аңсамай, лингвистикалық мәдениеттің айналасын шиырлай бермей, тарихымызды да дәріптеп, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, алға ұмтылуымыз қажет. Біздің мемлекеттік тілдің жағдайын қайта-қайта көтеріп, оның мүшкіл халі туралы айта бергенімізге өзге елдер, әсіресе Орталық Азиядағы мемлекеттер түсінбей, таңданыспен қарайды. Қазір – нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ. Олай болмаған жағдайда біз өзімізді халықаралық қоғамдастықтың алдында кемшін ұлт ретінде көрсетеміз. Ал енді не істеу керек?

**Біріншіден**, қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында – анахронизмге айналуға тиіс.

**Екіншіден**, біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

**Үшіншіден**, қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Мұндай азаматтар жастарымыздың арасында да аз емес. Олардың талпынысын мазақ етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн.

**Төртіншіден**, телевизиялық және радио хабарларының сапасын арттыру қажет. Бұл ақпарат өнімдері Ресей бағдарламаларының көшірмесіне емес, қайта қоғамдық ойдың қайнар көзіне айналуға тиіс. Арзан ойын-күлкіден гөрі, ұлттық идеяға қызмет ететін топырағымыздан тамыр алған төл бағдарламаларды молайту қажет.

Меніңше, Орталық Азиядағы көршілеріміздің тәжірибесі бізге пайдалы әрі үлгі боларлықтай. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру жолында кинематографияның да алар орны ерекше. Бізге тарихи оқиғаларды дәріптейтін, қазіргі қоғамды да бейнелейтін сапалы дүниелер керек. Қырғыз киногерлері «Құрманжан датқа» деген мәнді, мағыналы, көз қуантып, көңіл толатын фильм түсірді. Соған бар-жоғы 1,5 миллион доллар жұмсаған. Ал біздің кинематографистер бұдан әлдеқайда көп сұрайды. Ал түсірген дүниелерінің сапасы әрдайым көңілден шыға бермейді. Өкінішке қарай, бүгінде біздің киногерлер де ауызбіршілік таныта алмай отыр. Бұл – шығармашылықты тұралататын жағдай.

Әрине, ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды. Мені еліміздегі блогосфераның қазақ тіліне қарай ыңғайланып келе жатқаны қуантады. Дей тұрғанмен, біз әсіреұлтшылдық пен радикализмге бой алдырмауыз қажет. Сондай-ақ қазақ тілін дамытамыз деп орыс тілінің мәртебесін шектемеуіміз керек. Жоғарыда айтқанымдай, тіл мәселесінің астарында үлкен саясат бар. Сондықтан бұл тұрғыда асығыстық пен жалаң ұрандату мемлекеттігімізге кесірін тигізуі мүмкін.

*Жалғасы 2-бетте*

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҰР

*Соңы. Басы 1-бетте*

Жалпы алғанда, жоғары оқу орындарында нақты ғылымдарды орыс тілінде оқыта берген жөн. Осы ретте бізге Малайзияның тәжірибесі үлгі бола алады. Бұл ел алғашқыда ағылшын тілінен бас тартып, кейіннен ойлана келе, оны жоғары оқу орындарында және дипломатиялық қарым-қатынастың құралы ретінде қалдырды. Біздің өскелең ұрпақ қазақ тілімен қатар, орыс тілін де еркін меңгеруі керек.

Бұл – уақыт талабы. Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне басымдық берілгені дұрыс. Орыс тілін де оқыту керек. Ал ағылшын тілін 5-6 сыныптардан бастап мектеп бағдарламасына енгізген абзал.

Қазір демографиялық ахуалдың өзі қазақ тілінің ұпайын түгендеу бағытына қарай дамып келеді. Яғни біз алға қойған мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мұндай астары қалың, ел тағдырын шешетін іргелі істе асығыстыққа жол бермеу керек. Қайта әрбір әрекетімізді ақылға салып, мойнымыздағы тарихи жауапкершілікті барынша сезіне отырып жұмыс істегеніміз дұрыс. Осындай өркениетті қадамдардың нәтижесінде ғана қазақ тілі ғылым тіліне айналады.

**– «Еңбекпен тапқан нан тәтті» дейтін ата-бабамыздан келе жатқан тәмсіл бар. Күні кешегі үлкендердің әңгімесінен де еңбекке, еңбек адамына деген ерекше құрметті байқайтынбыз. Қазір елдің еңбекке етене араласуы үшін Сіздің тапсырмаңызбен Үкімет бірқатар бағдарламаларды қолға алып, лайықты деңгейде жүзеге асырып отыр. Ел мен жерді еңбекпен көркейту үшін қандай жаңа қадамдар мен жобалар жасалуы керек?**

– Әлем жұртшылығы қазақ халқын көңілі дарқан, ғаламдық құбылыстарды өзінің қалыптасқан философиялық көзқарасы арқылы қабылдай алатын ұлт ретінде танып, біледі. Шыдамдылық пен жанашырлық – қанымызда бар қасиет. Осынау Ұлы далаға ең алғаш табаны тиген саяхатшылар алдымен біздің осы ерекшеліктерімізді баса айтқан. Сонымен қатар біз Абайдың өшпес туындысы – «Қара сөздерде» айтылған өз кемшіліктерімізді де жақсы білеміз. Айтпақшы, осы арада Мұрат Әуезовтің «Қара сөздерге» «Ғақлият» деген екінші атау берейік деген ұсынысын қолдайтынымды айта кетейін.

Өкінішке қарай, кейбір жағдайда біздің еңбекке байланысты қарым-қатынасымызға сыни көзқараспен қарайтындар аз емес. Бұл жағдай менің көңіліме қаяу салады. Біз қоғамның еңбеккерлерге деген көзқарасын түпкілікті өзгертуіміз керек. Әрбір еңбек құрметке лайық болуы қажет. Сондықтан мен «Халық алғысы» деген мемлекеттік награда тағайындадым. Ал еңбектегі табысы үшін берілетін «Еңбек Даңқы» орденінің мәртебесін көтеру жөнінде шешім қабылдадым.

Былтыр Ақордаға мекемелер мен ауылдардағы қарапайым жұмысшыларды арнайы шақырып, марапаттадық.

Біз осындай еңбек адамдарына деген құрметті арттырып, ел сүйсініп қарайтындай жағдай жасауымыз қажет. Сол арқылы өскелең ұрпақ қоғамның құрметіне бөлену үшін жоғары мемлекеттік лауазымдарды иеленбей-ақ, өз ісін тыңғылықты, мұқият атқарса жеткілікті екенін түсінуге тиіс. Үкімет менің тапсырмам бойынша Жұмыспен қамтудың жол картасын әзірледі. Оны іске асыру үшін шамамен 1 триллион теңгеге дейін қаржы жұмсалады. Жақында мен Үкіметтің уақытша жұмыс орындарын ашуға ғана әуес болып, тұрақты жұмыс орындарын көптеп ашуды назардан шығарып алғанын сынға алдым. Бүгінде біздің елде 2 миллионға жуық адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Жұмыссыздар саны да көп.

Бұл – өте күрделі әлеуметтік мәселе. Оны шұғыл шешпесе болмайды. Еңбекке баулу идеологиясы атақты ақын-жазушыларымыздың шығармашылығында барынша көрініс тауып, алдыңғы қатарда насихатталуы керек деп санаймын. Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!

**– Қазір әлем өзгерген. Қалай болғанда да жаһанданудың көшінен қалып, есік-терезені қымтап жауып тастап отыра алмаймыз. Есік-терезені тас бүркеп, шекарамызды шегендеп, қақпамызға сом темір іліп қоятын тас дәуірі емес. Бармасақ, келмесек – ел жарылады, алмасақ, бермесек – дем тарылады.**

**Мемлекетаралық жағдайды жақсы білетін маман ретінде әлемдік ұлттар мозаикасына өз реңімізбен, қазақы болмыс-табиғатымызбен қосылу үшін қандай қадамдар жасау керектігін нақтылап түсіндіріп берсеңіз…**

– Шынында да, әлем өзгерді. Мызғымастай көрінген жаһандану үрдісі пандемияның әсерінен кідірістеп қалды. Мемлекеттер өзін-өзі оқшаулауға, «әркім өз күнін өзі көрсін» қағидатына баса мән бере бастады. Халықаралық қатынастарда ұлтшылдыққа бет бұру үрдісі артып келе жатқаны байқалады. Мен мұны 2008 жылы ертерек болжап айттым. Бірақ ол кезде менің тұжырымымды саясаткерлер мен ғалымдар қолдамады. Тіпті коронавирусқа қарсы вакцина әзірлеу ісі де халықаралық ынтымақтастықтан тыс, «әркім өзі үшін» қағидаты бойынша жүзеге асырылуда.

Әлемде өзге баламасы жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің атына заты сай бірегей халықаралық ұйым ретінде пандемия кезінде аса белсенділік таныта қоймады. Ірі державалар арасында текетірес күшейіп келеді. Аймақтардағы қақтығыстар шиеленісе түсті. Бұл – өңірлік мемлекет ретіндегі Қазақстан үшін қолайсыз үрдіс.

Біздің экономикамыз санкциялық соғыстар мен саяси текетірестерден шығынға ұшырауда. Еліміз өзінің бейбітсүйгіштігі мен өңірлік қауіпсіздікке сындарлы үлес қосуға әзірлігін тұрақты түрде көрсетіп келеді. Елбасымыз ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы әрі жаппай қарусыздану саясатының нағыз жақтаушысы ретінде бүкіл әлемге танылды.

Тәуелсіздік жылдары бұл бағытты нығайту үшін көп жұмыс атқарылды. Ең бастысы – мемлекеттік шекарамыздың беріктігі! Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия мемлекеттерімен арадағы шекарасының заңды түрде рәсімделіп, белгіленуінің, шын мәнінде, тарихи да, саяси да мәні зор. Шекара мәселесінде құжатты түрде екіжақты келісімнің болмауы қандай ауыр әрі ауқымды зардаптар мен қайшылықтарға әкелетінін көзіміз көріп отыр. Алыстан да, жақыннан да мысалдар аз емес.

Қазақстанның халықаралық дипломатияда бейбіт әлем туралы әрдайым өзіндік түсінігі, өзіне тән ерекшелігі болды. Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев көпвекторлы, теңгерімді сыртқы саясатта Ресеймен стратегиялық серіктестікті, ынтымақтастықты нығайтуға және өңірлік интеграцияға баса мән берді. Бұл – дұрыс таңдау болды. Дегенмен, әлемдегі ахуал бір орнында тұрмайды, алпауыт мемлекеттердің геосаяси мақсаты өзгеруде. Осындай жағдайда Қазақстан бірінші кезекте өзінің ұлттық мүддесін қорғауға міндетті. Сондықтан мен Еуразиялық экономикалық одақтың биылғы 19 мамырда өткен саммитінде интеграцияны Қазақстанның егемендігіне нұқсан келмейтін жағдайда ғана қолдайтынымызды ашық айттым.

**– Қоғамдық тәртіп мәселесі туралы сауалды да айналып өте алмаймыз. «Жұдырық бетке тигенге дейін» демократия сақталатыны белгілі. Бейбіт шерулерге шығатын азаматтардың жеке бас қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтауы қалай реттеледі?**

– Бейбіт жиындар мен митингтерге қатысу – Қазақстан азаматтарының конституциялық құқығы. Ата заңымыздың кепілі ретінде азаматтардың құқығын толық қамтамасыз ету – менің міндетім. Бұл жөнінде былтырғы Жолдауымда айттым.

Парламент «Бейбіт жиындар туралы» жаңа заң қабылдады. Қоғамдық сараптамадан өткен аталған заң – менің ойымша, еліміздегі демократияны ілгерілету үшін жасалған маңызды қадам. Енді бейбіт жиындарды өткізу үшін рұқсат сұрамай-ақ, бес күн бұрын жергілікті билікке ескертсе жеткілікті. Осындай жиындарды өткізу үшін бірқатар арнайы орындар бөлінді. Митинг ұйымдастырушылардан қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзбау талап етіледі. Сондай-ақ олар Конституцияға қайшы келетін үндеулермен шықпауы, ұлтаралық және әлеуметтік алауыздық туғызбауы қажет. Бұл – қалыпты жағдай. Әсіресе АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде болған соңғы оқиғаларды ескеру керек.

Халықаралық құқық қорғау ұйымдарынан грант алатын кейбір азаматтарымыз қабылданған заңды негізсіз сынайды. Олардың пікірінше, Қазақстанда «Митингке қашан шығамын? Кіммен шығамын және қай жерде өткіземін? Яғни өзім білем» деген жүгенсіздік қағидаты болуы керек екен. Әсіресе солардың митингіге шетел азаматтары мен кәмелетке толмаған балалардың қатысуын талап етуін шектен шыққандық деп санаймын. Олардың ойы белгілі. Ондай адамдарға тыныштық пен тұрақтылық қажет емес. Ал біз қарқынды дамыған, татулығы жарасқан Тәуелсіз Қазақстанды сақтауымыз керек. Халық ең алдымен ел іргесінің беріктігін терең жауапкершілікпен сезінуі керек. Сонымен қатар мемлекет өз азаматтарының заңды талаптарына құлақ асуға, қаржылық және құқықтық мүмкіндіктер аясында оларға жәрдем беруге міндетті.

Жастар үшін әлеуметтік лифт орнықтыру керек. Мемлекеттік басқару ісіндегі және идеология саласындағы қателіктерді дер кезінде түзеткен жөн. Егер жұмыс осылай жүретін болса, сөзсіз әділдік орнайды. Мен мұны сайлау алдындағы бағдарламамда айтқан болатынмын. Сонда митингтің де қажеті болмай қалады.

Соңғы кездері елімізде «митингшілдік» белең алуда. Көбінесе азаматтарымыз сырттағы біреулердің арандатушылық ұрандарына еріп жүр. Бұл – аймақтық бәсекелестік күшейіп келе жатқан халықаралық аренада Қазақстанды ыңғайсыз жағдайға қалдырып отыр.

Қазақстан мен Өзбекстан – Орталық Азиядағы ең ірі мемлекеттер. Екі ел арасында кең ауқымды ынтымақтастық артып келеді. Бұл жерде экономикалық бәсекелестіктің де болатынын жоққа шығармаймыз. Осы жағдайларды әрқашан есте ұстау керек. Қазақстан өзінің көшбасшылық позициясын сақтап қалуға міндетті. Ол үшін елімізде тұрақтылық болуға тиіс. Егер ішкі мәдениетімізге салсақ, ол тұрақтылықты күштік құрылымдар емес, бірінші кезекте халықтың өзі қамтамасыз етуі қажет.

**– Пандемия болсын, басқа да жағдайлар болсын, ел ең алдымен зиялының сөзіне құлақ асып, ойын білгісі келеді. Жалпы ұлт қиын-қыстау күндерде ғана емес, өзінің бүкіл жүріп өтетін жолында пассионар тұлғалардың соңынан ереді. Бұл орайда зиялы қауым қазір өз рөлін дұрыс атқарып отыр деп есептейсіз бе? Бүгінгі таңда олардың қоғамдағы міндетін қалай елеп, екшейміз?**

– Шын мәнінде, озық ойлы зиялы қауымның пікірі әлеуметтік шиеленіс кезінде маңызды рөл атқарады. Адамдар ақыл-парасаты арқылы ішкі түйсігіне құлақ асып, өзіне қажетті қорытынды жасап, өткен істен сабақ алады. Әсіресе бұл ежелден келе жатқан дәстүрі бар біздің қоғам үшін өте өзекті. Пандемия кезінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі үшін барша зиялы қауым өкілдеріне, оның ішінде академик Төрегелді Шармановқа шынайы ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ біздің белгілі ақын-жазушыларымыз соңғы кездегі оқиғаларға белсендірек араласып, жастарға өмірлік тәжірибесін үйретіп, темірқазық секілді жол көрсете алады деп ойлаймын.

Қазір бүкіл дүниежүзі пандемия салдарымен күресіп жатыр. Әлемдік экономика көз алдымызда құлдырап, жұрттың өмір сүру салты өзгерді және осы үрдістер күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге айналды. Міне, осындай кезде жас ұрпаққа беделді ақыл-ой иелерінің парасатты пікірі ауадай қажет.

Бәрімізді, әсіресе жастарды «Ары қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал мазалайды. Осындай сәтте біздің көзқарасымыз, болмысымыз, осы біз өмір сүріп жатқан жаңа заманның талабына сай болуы керек. Яғни тарихи тұрғыдан жаңартылған құндылықтарға бет бұруға тиіспіз. Бізге қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп беретін ақыл-ой тұжырымы қажет. Жоғары заманауи технология, роботтар, жасанды интеллект дәуірінде ақыл-кеңес түсінігі ерекше маңызды болмақ.

Жаңа заманда ар, намыс, ұят сияқты адами қасиеттерге қажеттілік бола ма? Менің ойымша, бұл – зиялы қауым өкілдері талқылайтын ауқымды философиялық мәселе. Үлгі-өнеге, ұлттық құндылықтар болмаса, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз. Біздің ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары да маңызын жоғалтады.

Әрине, мұндай жағдайдың мүлде болмағаны жақсы. Сондықтан зиялы қауым өкілдері болашақ өмір туралы мәселені қазірден ой таразысына сала беруге тиіс.

**– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Ел басқару аса зор жауапкершілік жүктейді. Бір жыл – көп уақыт емес. Десек те, осы кезеңге саяси сараптама жасаған белгілі саясаттанушы Нұрлан Сейдін мырза Сіз басқарған мерзім жөнінде «Сенім мен сынаққа толы жыл болды» деп тұжырымдапты. Осы орайда көш бастаған тұлға ретінде елдің болашаққа деген сенім-жігеріне қандай баға берер едіңіз?**

– Баршаңызға мәлім, Қазақстан Президенті қызметін атқарған бір жыл оңай болған жоқ. Аталған мерзімді аса күрделі сынақтарды еңсерген жыл деп айтуға болады. Дегенмен, мен халықтың қолдауын әрдайым сезіндім. Бұл маған күш-жігер беріп, мемлекет басқару ісін табысты жүргізуіме ықпал етті. Жыл бойы саяси және экономикалық салалар бойынша көптеген реформалар жүзеге асырылды. Бұл саясат алдағы кезеңдерде де жалғаса береді. Елімізді одан әрі жаңғыртуға, дамытуға қатысты идеяларым бар, ол идеяларды халық іс жүзінде сезінгенін қалаймын.

Біз мемлекет ретінде де, ұлт ретінде де бір орында тоқтап қалмауымыз керек. Ондай жағдайда ел тоқырауға ұшырайды. Оның зардабы мемлекеттігімізге тиеді. Ауыр тиеді. Ащы да болса айтайын, біз – қазақтар, осынау алмағайып күрделі әлемде, түптеп келгенде, ешкімге соншалықты қажет емеспіз. Өз мемлекетімізге ғана қажетпіз. Осы бір қарапайым қағиданы ешқашан естен шығармауымыз қажет. Әлемдегі Қазақстанның жетістігін көре алмайтын, «мысықтілеу» саясаткерлер, тіпті мемлекеттер де бізден алыстап кеткен жоқ, маңайымыздан ұзамай, әр қадамымызды бағып отыр. Сондықтан елімізді өркендету, көркейту – тек қана өз қолымызда. Біздің осындай сындарлы сәтте қателесуге еш қақымыз да, құқымыз да жоқ. Және мемлекет құрушы ұлт ретінде бұл мәселені бірінші кезекте өзіміз терең сезінуіміз қажет. Өйткені қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр…

**– Құрметті Президент мырза! Қоғамдағы түрлі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани маңызы бар мәселелерге байланысты арнайы уақытыңызды бөліп, Ұлт басылымына сұхбат бергеніңіз үшін айрықша алғыс сезімімізді білдіреміз. Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік геосаяси кеңістіктегі көші көлікті болғай! Еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болсын!**

**Сұхбаттасқан**
**Жанарбек ӘШІМЖАН**

# «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**Құрметті әріптестер!**

**"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Қоғамның келісімшарт аумағындағы эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне, COVID-19 вирусын жұқтырған азаматтар санының күн санап артуына** және Компания қызметкерлері мен сервистік мекемелер қызметкерлері арасында орын алған 6 өлім дерегіне байланысты 2020 жылғы 5 шілде мен 5 тамыз аралығына Қаламқас, Жетібай мен Асар кенорындарында "С" жоспарын (Карантин режимі) іске қосатындығын хабарлайды.

**"С" жоспары келесідей жағдайларды қамтиды:**

- барлық бизнес бағыттар бойынша мердігер/субмердігер мекемелерге 2020 жылға жасалған келісімшарттар бойынша қарастырылған жұмыстарды уақытша тоқтатқан жағдайда, міндеттерді орындамаған жағдайда Компания тарапынан айыппұл салынбайтындығы жөнінде хабарлама тарату;

- скважиналарды бұрғылау және жөндеу жұмыстарын тоқтату туралы жұмыс жоспарын жасақтап, Басқарма мүшелерімен келісу (апаттық жағдайда қызмет ететін бригадаларды ғана қалдыру);

- коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты қиын жағдайларға "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ мен мердігер/субмердігер мекемелердің "С" жоспары бойынша дайындықтарын пысықтау. ӨБ басшыларымен "Карантин" кезінде қажетті қызметкерлер саны мен арнайы техника түрлерімен келісу;

- апаттық-құтқару қызметі, өрт қауіпсіздігі, тамақтану, тұрмыстық қамсыздандыру, медициналық қызмет және бизнес бағыттар бойынша кенорындардың тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін қызмет түрлерінен басқа қызметтер мен жұмыстарды бір айлық мерзімге уақытша тоқтату туралы нұсқаулардың жедел әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету;

- еңбек демалысын рәсімдеу немесе жұмысты мәжбүрлі тоқтату арқылы Компанияның келісімшарттық аумақтарындағы қызметкерлер санын мейлінше азайту. "ҚМГ" ҰК АҚ барлық еншілес және тәуелді мекемелерінде мәжбүрлі тоқталысқа жіберілген қызметкерлердің айлық жалақысы әдеттегі жалақыдан 70% көлемінде есептелсін;

- "ҚМГ" ҰК АҚ еншілес және тәуелді мекемелері қатарына кірмейтін мердігер және субмердігер мекемелер мәжбүрлі тоқталысқа жіберілген қызметкерлерінің жалақысын өздерінің ішкі нормативтік-құқықтық актілері негізінде жүзеге асырсын;

- Қоғам кенорындарында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік және өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау ережелері мен талаптарының сақталуын қадағалау шараларын күшейту. Аталған талаптардың сақталуына құрылымдық бөлімдер мен өндірістік-құрылымдық бөлім жетекшілері мен мердігер/субмердігер басшылары тікелей жауап береді;

- білікті медициналық мамандарды жұмылдыру арқылы Қаламқас, Жетібай және Асар кенорындарында Компания қызметкерлері мен мердігер/субмердігер мекеме қызметкерлерінің ауысым алдында медициналық тексерістен өтуін қамтамасыз ету;

- коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау шараларының жүзеге асырылуын қадағалау: маска тағып жүру, міндетті күнделікті қызу өлшеу шаралары, қолдарды жиі жуу және арнайы антисептикалық ерітінділерді қолдану, күніне кемінде 2 рет барлық бөлмелер мен ғимараттарда ылғалды тазалау және арнайы дезинфекциялық ерітінділерді қолдану арқылы бұйымдарды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу, көліктердің салондарын күніне 2 рет залалсыздандыру, әлеуметтік арақашықтықты сақтау;

- Компания қызметкерлері мен мердігер/субмердігер мекеме қызметкерлерінің вахталық ауысымы және кенорын ішіндегі қозғалыс кезінде автобустарда отыру тәртібін сақтау (шахматтық әдіс);

- апаттық жұмыстар кезінде тәуліктік кезекшілікті ұйымдастыру арқылы "Жетібай" және "Асар" кенорындарында вахталық жұмыс тәртібін енгізу;

- Қаламқас кенорнындағы обсерваториялық госпитальдың және "Хирургия Институты " ЖШС Филиалына қарасты басқа да медициналық мекемелердің COVID-19 жұқтырған азаматтарды, сондай-ақ ЖРВИ мен пневмония белгілері бар науқастарды қабылдауға толық дайындау, қажетті дәрі-дәрмек түрлері мен медицина мамандарымен қамтамасыз ету;

- құрылымдық және өндірістік құрылымдық бөлім жетекшілері мен мердігер/субмердігер мекеме басшылары Компания Басқармасымен келісу үшін шектеу кезеңінде жұмыс жасайтын қызметкерлердің резервтік тізімін жасақтауы тиіс (вахтадағы немесе ауысымдағы науқастанып қалған қызметкерді жедел алмастыру үшін).

**Құрметті әріптестер!**

Осынау күрделі кезеңде қабылданып жатқан барлық амал-шараларға түсіністікпен қарауға шақырамыз. Карантин шарасы 5 шілде мен 5 тамыз аралығында – бір ай мерзімге алынғандығын, бұл Сіздердің, барша мұнайшылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін қолға алынып отырған мәжбүрлі қадам екендігін баса айтамыз. Сондықтан денсаулық сақтау саласы мамандарының жасаған нұсқауларын қатаң орындауыңызды, қажетті санитарлық нормаларды жіті қадағалауды сұраймыз.

Қазіргі таңда біздің әрқайсымыздың ұжымдас жора-жолдастың, отбасы мен ет жақын ағайын-бауырдың денсаулығына жауапкершілікпен қарап, азаматтық танытудан артық мақсат-мұрат болмай отыр. Бұл баршамыз үшін де өте маңызды. Бірігіп, иықтаса жүріп барлық қиындықтарды еңсеретінімізге сенімдіміз!

**Құрметпен,**

**"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасы**

# УАҚЫТЫНДА КЕЛГЕН КӨМЕК!





«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімовтың және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Алик Айдарбаевтың тапсырмасы бойынша, бүгін 18 маусымда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы Ақтау қаласының жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясына – үш жаңа реанимобильді сыйға тартты. Реанимобильдер шұғыл көмек көрсету үшін барлық қажетті құралдармен жабдықталған, бұдан басқа, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ облыстық ауруханаға 20 дана өкпені жасанды желдету аппараттарын (ӨЖЖ) өтеусіз түрде көмек ретінде ұсынды. ӨЖЖ аппараттары Маңғыстау облыстық ауруханасына, облыстық және қалалық перинаталдық орталықтарға, облыстық балалар ауруханасына, жұқпалы аурулар ауруханасына, сондай-ақ өңірдің аудандық ауруханаларына беріліп, қызметке қосылды. Жалпы алғанда компания денсаулық сақтау органдарына 818 млн. теңгеден астам сомаға көмек көрсетті.

Сондай-ақ, соңғы уақытта облыста коронавирустық инфекция мен вирустық пневмонияға қатысты жағдайдың күрделенуіне байланысты «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы облыстық ауруханаға құны 475 млн. теңге компьютерлік томография аппаратын сатып алып беруде.



- Коронавирустық инфекция пандемиясының біздің күшімізді сынап жатқан, еліміз үшін күрделі осы кезеңде біздің ортақ қиындықтардың алдында бірігуіміз маңызды, - деп атап өтті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы. – Реанимобильдер мен өкпені жасанды желдету аппараттары – бұл біздің жерлестеріміздің денсаулығын сақтау және құтқару ісіне қосқан қомақты үлесіміз. Медициналық жабдықтар ұзақ және сенімді қызмет етеді деп үміттенеміз. Барлық маңғыстаулықтарды медицина мамандарының ұсыныстарын мүлтіксіз орындауға, нұсқамаларды орындауға және өз денсаулықтарын мұқият бақылауға шақырамыз. Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыздар!

Естеріңізге сала кетейік, елімізде төтенше жағдай жарияланған сәттен бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ инфекциялық және провизорлық орталықтардың дәрігерлік қызметкерлерін, блок-бекеттерде кезекшілік ететін полицейлерді және патрульдік қызмет қызметкерлерін ыстық тамақпен қамтамасыз етіп келеді.

# АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА ҚАЗАҚТА



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының мерейтойы

*Биыл ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл.*

*Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында атап өту жоспарланған.*

*Абай мұрасы - ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін керек асыл қазына. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары қанша ғасыр өтсе де, қанша қоғам ауысса да баршамызға рухани бағдар болып қала бермек. Сондықтан да Дана ойшылдың мерейтойына орай Абай Құнанбайұлының өмір мен шығармашылығы, сондай-ақ, оған қатысты қызық деректерді оқырман назарына ұсынамыз.*

***«Мұнайлы өлке» газетінің редакциясы***

## «Атадан алтау, анадан төртеу»

Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы Шыңғыс тауды жайлаған Тобықты руында дүниеге келді.

Абайдың арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос пен Жігітек тарайды. Әрқайсысы бір-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен Ырғызбай, Көтібақ пен Топай туған. Олардың ішінде Ырғызбай оза шауып, ел басқару ісіне араласқан. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар мен Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болған деседі. Осы Өскенбайдың әйелі Зереден Абайдың әкесі Құнанбай туады.

Құнанбайдың төрт әйелі болған. Бәйбішесі – Күңке, одан бір ұл – Құдайберді. Ал Ұлжан – Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық. Інісі қайтыс болғаннан кейін Құнанбай келінін әмеңгерлікпен алған. Ұлжаннан Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ пен Оспан, үшінші әйелі – Айғыздан Халиолла мен Ысмағұл деген балалары туады. Абайдың "Атадан алтау, анадан төртеу" дейтіні содан. Құнанбайдың қартайған шағында үйленген төртінші әйелі – Нұрғанымнан бала болмаған.

## Білімге құштарлық

· Болашақ ақын ел анасы атанған Зере әжесінің таусылмайтын аңыз-ертегілерін естіп, сөзге шебер Ұлжан анасының тәрбиесін көріп өсті. Абай Құнанбайұлының шын есімі - Ибраһим. Әжесі Зере "Абай" деп еркелеткеннен кейін "Абай" атанып кеткен;

Абай алдымен әкесінің өз туыстарының балаларын оқытамын деп, "Ескітам" деген қоныста салдыртқан медреседе сауат ашты. Одан кейін ауылдағы Ғабитхан молдадан білім алды. Ал 10 жасқа толғанда Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқыды. Сол жерде араб пен парсы тілдерін меңгеріп шыққан. Абай дін оқуымен ғана шектелмей, білімін өз бетінше жетілдіруге тырысады. Шығыстың Низами, Науаи, Сәғди, Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұламалардың шығармаларымен танысады. Орысша сауат ашады.

**"Өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай жатқа айтып шыға алатындай зерек болады. Сонымен дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады", - деп жазды Мұхтар Әуезов.**

Жазушының сөзіне қарағанда, Абай бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдерін кәрілікке жеткен уақытына шейін ұмытпаған.

## Жастай ел басқару ісіне араласты

Құнанбай баласының зеректігін бірден байқап, оған жан-жақты білім беруге тырысады. Ал 13 жасында оны оқудан алып кетіп, ел басқару жұмысына салады. Оған қоса, әкесі ел тартысында жалғыздық сезе бастайды. Басында "барып кел, шауып келмен" жүрген жас Абай аз уақыттың ішінде жуан би, ел тартысының атқа мінері болып шыға келеді.

1885 жылы Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде 100-ден астам би-болыстың қатысуымен төтенше съезд өткізілді. Сонда төбе би болып сайланған Абайға "Семей казақтары үшін қылмыстық істерге карсы заң ережесін" әзірлеу тапсырылады. Абай бастаған комиссия барлығы 93-баптан тұратын ережені 3 күнде әзірлеп шығады. Бірақ оның беделін өсірген Қарамола съезінен кейін қарсыластары көбейіп кетеді.



Абайдың кезінде Құнанбаймен алысқан туысқаннан 17 адам Сібірге де айдалады. Бір тартыстың бастықтары олардан жеңіледі. Бірақ сол жеңістің өзі де атадан балаға кететін үзілмес жаулыққа ұласады. Осылайша, Абай әкесі бастаған істі аяқтаймын деп, өзіне таластартыстың біраз бөлесін тілеп алады. Оған неше түрлі жала жабылады. Мысалы, 28 жасында бір қыстың ішінде 12 түрлі қылмыс бойынша тексерілген кезі де болды. Бірақ Абай ондай тартысқа әбден ысылып келген. Шешендік өнері де көп көмегін тигізді.

1898 жылы Көшбике деген жердегі Мұқыр болысын сайлауда Оразбай Аққұлы баласы Жігітек, Мырза-Жөкең ру басылары - Әзберген, Бейсенбі, Бұланбай мен Әбендерді ұйымдастырып, Абайдың өміріне қастық жасайды. Бірақ Кәкітай, Уәйіс, Аппас деген жақын достары ара түсіп, оны қорғап қалады. Осыдан соң ақын ел жұмысына араласпайды да бұрынғы араздықпен өзіне қастық істеткен адамдарымен татуласады. Өзі кітап оқуға ден қояды.

## Абайдың шығармашылығы

· Абай алғашқы өлеңін 10 жасында жазған. Абай Құнанбайұлы алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялап жүрген. Оның ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – "Қансонарда". Абай өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар көп. "Сегіз аяқ", "Қан сонарда бүркітші шығады аңға", "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым", "Желсіз түнде жарық ай", "Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?" сияқты өлеңдерінің әрбіреуі тың дүние, шығармашылық жаңалық.

Абайдың ән шығармашылығы қазақтың халық музыкасында ерекше орын алады. «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай» т. б. әндері - ұлы мұра.

Абай Александр Пушкиннің "Евгений Онегин" шығармасынан "Татьянаның хатын" және "Ленскийдің сөзін", Михаил Лермонтовтың "Ой", "Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз", "Қанжар", "Теректің сыйы" және тағы басқа өлеңдерін казақ тілінде сөйлетті.

Абай мысал өлеңдерін шебер жаза білді. Ақын осы жанр арқылы қазақ халқының сол кездегі өмірін, адамдардың мінезі мен іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиралық бейнелермен көркем жеткізді. Абай поэма жанрын да меңгерген. Оған "Масғұт", "Ескендір", "Әзім" сияқты шығармалар дәлел.

Батыстың өркениеті мен философиясы, ғылымы мен мәдениеті Абайдың рухани жағынан өсуіне айтарлықтай әсер етті. Ол Батыс пен Шығыс мәдениеттерін шебер ұштастыра білді. Абайдың негізгі зерттеу объектісі – адам.

Абайдың іргелі еңбектерінің бірі әрі бірегейі – қара сөздер. Осы сөздердің бірнешеуі алғаш рет 1918 жылы Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Артынан Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз және тағы басқа әлемнің көптеген тіліне аударылды.

## Абайдың философиясы

Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған. Ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысты. Мен осы кіммін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Ол өзінің пәлсапалық шығармаларында адам баласының өмір сүру мақсатын, сол мұратына жету жолын, әлемдегі болмыстың мәні мен өзіндік ішкі байланысын, жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді.

**"Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу", - дейді Абай.**

Мысалы, спортпен шұғылданып өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылым-білім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол – рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді.

Абайдың айтуынша, жан жүректе орын тепкен. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс-әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде жаңсақ баспай, дұрыс өмір сүре алады. Адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты деп үйретеді.

## Отбасы туралы

Абай үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдәдан – Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия мен Райхан, екінші әйелі Әйгерімнен - Тұрағұл, Мекайыл, Ізкайіл мен Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Ал келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

Абай ғылым іздеуді өз басына ғана алмай, балаларын да барынша оқытуға тырысқан. Ең көп оқыған офицер баласы – Әбдірахман. 90-шы жылдары ол құрт ауруынан қайтыс болды. Оның артынан сүйеніші болып жүрген мықты інісі Оспан өледі. Осы екі өлім Абайға бас қайғысының ішіндегі үлкен қаза болып тиеді.

Сол жылдары бас қайғысымен қатар Абай өзінің дос деген адамдарының қиянатын, алдауын, өтірігін де көреді. Бір сайлауда өзінің інісін болыстыққа сайлаймын деп келгенде бұрын ешбір сыр бермейтін достары бір-ақ түнде жат болып шыға келеді. Оның інісін құлатып, өз кісілерін сайлап кетеді. Онымен қоймай, Тобықты ішінде бұрыннан онымен сілкісіп келген басшы жауы Оразбай бір сайлауда Абайды өз кісілеріне сабатып та алады. Осы іспетті соққылармен күресіп келе жатқанда ең жақсы көрген баласы Мағауия өледі.

Абай ешкіммен сөйлеспей, үндемей қалады. Ал 1904 жылы 23 маусымда Мағауияның өлімінен кейін тура 40 күн өткен соң өзі де қайтыс болады. Бір жарым айдан кейін Абайдың ақын баласы Ақылбай Семейде дүние салады.

## Абай мұрасын кімдер зерттеді

Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталды деуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы "Қазақ" газетінде басылған "Абай — қазақтың бас ақыны" атты мақаласында "Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ" — деп Абайды аса жоғары бағалады.

1909 жылы Санкт-Петербургте басылған Абай өлеңдерінің жинағында ақынның жүз қырықтай өлеңі, сондай-ақ, "Ескендір" мен "Масғұт" поэмалары енді. Бұл тұңғыш жинақты дайындаған, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл болатын. Кәкітай Ысқақұлы бірінші болып ақынның өмірбаянын жазды.

Абайдың көзі тірісінде жарық көрген шығармалары көп емес. Ақынның өз қолжазбалары сақталмады. Шығармалары түгелдей дерлік Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жеткен.

Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, "Абай философиясын" діншілдігі басым әдеттегі буржуазиялық идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды. Бірақ Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров Құдайберген Жұбанов, Сұлтанбек Қожанов сынды қоғам қайраткерлері Абайдың ақындық мұрасын шабуылдан қорғап, мақалалар жазды.

**"Көзқарасының қарама-қайшылықтарына қарамастан, Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі",- деп жазды Мұқанов.**

Ал Мұхтар Әуезов Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерді. Ол "Абай жолы" эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүниежүзі оқырмандарына танымал әдеби бейне қатарына жеткізсе, ғылымда да сондай күрделі еңбек атқарды. Әсіресе, Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы осы салаға қосқан елеулі үлесі болып саналады.



## Абайды шетелде таныткандар

Қытайда Абайдың шығармаларын танытуға Ха Хуан Жан (Хабай) көп еңбек етті. Ол Шыңжан өлкесінің Шәуешек қаласына жақын Қазақтар ауылында туған. Қытай тіліндегі мектептерде оқыса да, қазақ тілін жетік меңгерген. Абайды бала күнінен жаттап өскен екен.

1950 жылы Абайдың "Ескендір" поэмасын, ал 1958 жылы "Масғұт" поэмасын ханзу тіліне аударып, Пекинде арнайы кітап етіп бастырып шығарған. Жалпы, Хабай Абайдың 167 өлеңін, 3 поэмасын, 45 ғақлия сөзін түгел аударған. "Абай және Абай шығармалары" деген үш кітабын да Пекинде бастырған.

Абайдың өлеңдері басқа тілдерге аударылды. Мәселен, Грузин тілінде - Ш.Мчедлишвили, қарақалпақ тілінде - Ш.Сеитова, қырғыз тілінде - А.Токомбаева, татар тілінде - М.Максуд және Н.Арсланов, француз тілінде - Ғалымжан Мұқанов, ағылшын тілінде - А.Самохмалов, түрікмен тілінде - А.Хайидова, Т.Қасымова, П.Искакова және М.Хамраева Абайды ұйғыр тілінде сөйлеткен.

## ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗ

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.

Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

Әкесінің баласы - адамның дұшпаны.

Адамның баласы - бауырың.

Ер артық сұраса да азға разы болады.

Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.

Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.

Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.

Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?

Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны.

Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ к...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.

Егер ісім өнсін десең, ретін тап
Биік мансап - биік жартас
Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады;
Жікшіл ел жетпей мақтайды,
Желөкпелер шын деп ойлайды.
Дүние - үлкен көл,
Заман - соққан жел,
Алдыңғы толқын - ағалар,
Артқы толқын - інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.
Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық;
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.
Тоқ тіленші - адам сайтаны,
Харекетсіз - сопы монтаны.
Жаман дос - көлеңке:
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.
Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас;
Қайғысыздан сақ бол,
Қайғылыға жақ бол.
Қайратсыз ашу - тұл,
Тұрлаусыз ғашық - тұл,
Шәкіртсіз ғалым - тұл.

Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң - өзің ғана тілейсің

1896

## ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.
Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халынша.
Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар
Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе.
Керек іс бозбалаға — талаптылық,
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.
Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!
Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.
Бірің бірің ғиззәт*, құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.
Жолдастық, сұхбаттастық — бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.
Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.
Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшіннің* бәрі бір бас.
Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!
Көп жүрмес, жеңсікқойлық тез-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсік құмар жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтып,
Қылт еткізбес қылықты, тамыршы озар.
Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр.
Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық.
Бетім барда, бетіме кім шыдар деп,
Кімі паңдау келеді, кімі тантық.
Ақыл керек, іс керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас, болса зерек.
Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек.
Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң суық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, райыс* үстіндегі үй.
Жоқ, болса қатыныңның жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі,
Майысқан бейне гүлдей, толықсыған,
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.
Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.
Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сазданба сен қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні ол да сүйіп,
Қызмет қылсын көңілі таза жүріп.
Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Қатыныңда болмасын оның көзі.
Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,
Тілеуі, жақындығы — бәрі сату.
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас қайран тату!
Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,
Еңбекпен терін сатып түзден жимас.
Меліш* сауда сықылды күлкі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас.
Асық ұтыс сықылды алыс-беріс —
Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс:
Бірі көйтке* таласып, бірі арам қып,
Төбелескен, дауласқан жанжал-keріс.
Жас бала әуел тату бола қалар,
Ата-анадан жақын боп, ертіп алар.
Бірін бірі құшақтап шуылдасып,
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.
Біреуі жылап барса үйге таман,
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.
Татулығы құрысын ойыны мен,
Дәл соларға ұқсайды мына заман.
Жаман тату қазады өзіңе ор,
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,
Өзі зордың болады ығы да зор.
Қазақтың қайсысының бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі — арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы

# ДАСТАН АБДУЛҒАФАРОВ: «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» 2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН МҰНАЙДЫҢ ТӨМЕН БАҒАСЫНА ДАЙЫНДАЛУДА



**Компания шығындарды оңтайландыра отырып, дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыруда. Дағдарыс және оның «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына ықпалы туралы басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Дастан Абдулғафаров баяндап берді.**

**- Дастан Елемесұлы, жалпы әлемдегі дағдарыс тұтыну көлемінің күрт төмендеуіне, импорттың шектелуіне, жол және әуе тасымалының азаюына және жұмыс күшінің ауысуына ықпал еткені белгілі. Осының бәрін түйіндейтін болсақ, «ҚазМұнайГаз» қандай қиындықтарға тап болды?**

- Дағдарыс Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласында қуат көздері бағасының төмендеуіне, экспорт көлемі мен мұнай өнімдерінің ішкі тұтынуының азаюына, мұнай өңдеу зауыттарында шикі мұнайды өңдеу көлемінің қысқаруына және сақтау сыйымдылықтарының шамадан тыс толуына алып келді. Міне, соның салдары ҚазМұнайГазға едәуір кері әсер етті. Бірінші кезекте, негізінен түсімнің біраз төмендеуіне байланысты жоспарлы қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізбейміз. Бұл өз кезегінде кассалық алшақтыққа, кредиттік рейтингтердің төмендеуіне және ковенант-тардың бұзылуына әкелуі ықтимал.

Дағдарыс компаниямыздың басқа да қызмет бағыттарына өз салқынын тигізді. Сұраныс төмендеді, сондықтан бұған дейін жоспарланған көрсеткіштермен салыстырсақ, Қытайға экспортталған газ көлемі шамалы кеміді. Сол себепті ҚМГ мұнай өнімдерін сақтау көлемінің шамадан тыс көп болуын алдын алу мақсатында зауыттарда мұнай өңдеу өндірісін азайтып жатыр.

Дағдарыс ҚМГ-ның инвестициялық қызметіне де елеулі ықпалын тигізуде. Шекаралар жабылып, карантин енгізілгеннен кейін инвестициялық жобалардың басым бөлігін іске асырылмай қалып, оларды орындау мерзімі кейінге шегерілді. Теңгеге шаққандағы валюта бағамының өсуі жобалар бойынша шығындардың артуына әкелді. Бұл кіріс бойынша болжамның төмендеуімен қатар жаңа жобаларды іске қосу жөніндегі шешімдердің қабылдауына да жағымсыз ықпал етті.

Осының бәрін ескере отырып, ағымдағы шығындарды өтеу де бізге оңай болып жатқан жоқ. Себебі алдағы уақытқа болжамданып отырған және қазірдің өзінде түсіп жатқан кірістердің деңгейі төмен. Жұмысымызды қалыпты тәсілдер бойынша жалғастыратын болсақ, бұған дейін жинақталған қаражаттың барлығын жұмсап жіберу қаупі төніп тұр. Сонымен қатар, басқа да дағдарыс басталған жағдайда барлық қорымыздан айырылып қалу қаупі тағы бар. Егер мұнай бағасы 2019 жылдың деңгейіне дейін көтерілмесе, онда ҚМГ жағдайы дағдарыс салдарынан оңалмай, нарықтағы өзінің тұрақты позицияларын жоғалтуы әбден мүмкін.

**- Сондықтан ҚМГ дағдарысқа қарсы стратегияның әзірленгені туралы мәлімдеді. Қолға алынған шаралар, жоспарларыңыз туралы және қандай нәтиже күтесіздер, сол жөнінде айтып берсеңіз.**

- Иә, компания 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы стратегияны әзірледі. Ол қысқа мерзімге есептелген, сол себепті икемді және қалыптасқан жағдайға компанияның шұғыл әрекет етуін көздейді. Біз өндірістік және кадрлық әлеуетті барынша сақтай отырып, компанияны мұнайдың төмен бағасына бейімдей отырып, ҚМГ дағдарыстан кейін жұмыс істейтін ресурстар, технология мен құзыреттерді жинақтауымыз қажет.

Дағдарысқа қарсы стратегияны әзірлеген кезде біз мұнайдың төмен бағасы 2021 жылдың соңына дейін сақталуы мүмкін деген болжамға дайындалдық. Сондықтан өз алдымызға бірнеше негізгі міндеттер қойдық.

Біріншіден, «ҚазМұнайГаз» әлемнің алпауыт компаниялары БиПи, Шелл, Тоталь, Эксон Мобил сияқты шығындарын қысқарта бастады. Қазіргі уақытта біз барлық шығындарды 146 млрд теңгеге, соның ішінде күрделі шығындарды 103 млрд теңгеге, операциялық шығындарды 26 млрд теңгеге, әкімшілік шығындарды 17 млрд теңгеге қысқарттық. Корпоративтік орталықтың жұмысын өзгерттік. Орталық аппарат дер кезінде тиімді шешім қабылдай алатын, шағын, мобилді болуы тиіс. Біз орталық аппараттың ұйымдық құрылымын қайта қарап, аппараттағы қызметкерлер санын қысқарттық. Компания басшылығының жалақыларын азайттық. Қатардағы қызметкерлердің еңбекақысы өзгеріссіз қалды. Бұдан бөлек, біз сыйақылардан мүлдем бас тарттық. Жыл соңына дейін корпоративтік орталықтың қызметкерлеріне ешқандай сыйақы мен бонустар төленбейді.

Осының барлығын санасақ, басшылардың кірісі 50 және одан да көп пайызға азайды. Тек корпоративтік орталық бойынша еңбекақы қорын үнемдеу 5 млрд теңгені құрайды.

Еншілес кәсіпорындарда өндіріске қатысы жоқ және қызметкерлерді жұмыспен қамтуына әсер етпейтін барлық шығындар қысқартылды. Алдағы уақытта жағдайға қарай тағы да қандай шығындарды оңтайландыруға болатынын қарастырамыз.

Біз өндірістегі қызметкерлерді қысқартпаймыз. Басты міндетіміз – жұмысшы мамандықтарды сақтап қалу.

Екіншіден, алдымызда икемді өндірісті қамтамасыз ету мәселесі тұр. Бұл дегеніміз пайдасыз ұңғымалар қорын тоқтату есебінен өндіру көлемі қысқаруы ықтимал. Бұдан бөлек, мұнай өндіру көлемі ОПЕК+ мәмілесі аясында Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттер есебінен де азаятын болады.

Үшіншіден, өздеріңіз білесіздер, біз бейінді емес активтерді шығару жөніндегі стратегияны іске асырып келеміз. Сонымен бірге, дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде, мысалы, өз өзін ақтаған және қазір өндірісі құлдыраған бейінді активтерді де қоса алғанда, дивестициялар бағдарламасы тұрғысында түбегейлі шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырып жатырмыз. Бұл бізге бүгінгі таңда аса қажетті қосымша оңтайландыруды және ақша қаражатының түсімін қамтамасыз етеді.

Төртінші, мұнай мен газдың ресурстық базасын ұлғайту. Кез келген дағдарыс кезінде тәжірибе жинақтап қана қоймай, көптеген мүмкіндіктерге жол ашылатыны белгілі. Мысалы, ҚМГ қазіргі жағдайда компанияларға тобына синергиялық әсері бар, экспорттық нарықтарға шыға алатын, сондай-ақ заманауи технологиялармен жабдықталған активтерді сатып алу мүмкіндігін қарастыруда. Бұл келешекте табысты жобалар болуы ықтимал, оларға назар аудару қажет.

**- ҚМГ ұлттық компания мен еншілес ұйымдар арасындағы міндеттер бөлінетіні туралы жариялаған болатын. Бұл жұмыс қалай жүргізіліп жатыр?**

- Қазіргідей дағдарыс кезеңінде активтерді басқарудағы икемділіктің маңызы зор. Біз басқару кезінде болар жағдайды алдын ала болжап, сапалы басқарушылық шешімдерді шұғыл қабылдауымыз қажет. Ол үшін корпоративтік орталық пен еншілес кәсіпорындар арасында өкілеттіліктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты бөліп алуымыз керек. Біз бизнес-үдерістерді оңтайландыру және аралық шешімдердің санын қысқарту есебінен бюрократиялық жүктемені едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, корпоративтік орталық орта және ұзақ мерзімді болашаққа бизнестің мақсатты көрсеткіштерін жоспарлау, қаржылық тұрақтылық, инвестициялық тиімділік, қосымша құн тізбегін басқару, цифрландыру және басқа да стратегиялық мәселелердің шешіміне ден қояды. Бұл ретте, жоспар бойынша HR, сатып алу және қаржылық функциялардағы күнделікті іске асырылатын процестердің бір бөлігі ортақ қызмет көрсету орталығымызға берілмек. IT қызметі бұл орталыққа беріліп қойған.

Компанияның технологиялық дамуы мен инновацияларына, әсіресе барлау және өндіру бағытындағы дамуына «ҚМГ Инжиниринг» мекемесі жауапты болатынын ерекше атап өткен жөн. Себебі бұл белгілі бір мамандандырылған кәсіби шеберлігі жоғары сарапшылардың шоғырлануын талап ететін жекелеген жұмыс.

**- «ҚазМұнайГаз» компаниясы көнерген кен орындарды игеруде, бұған дейін де олардың өзіндік құнына қатысты талай қиындықтар туындаған. Осы мәселенің түйіні қандай?**

- Дұрыс айтасыз. «ҚазМұнайГаз»-ға қарасты кейбір кәсіпорындар ескі кен орындарды игеріп жатыр. Бұл мұнай өндірудің «шыңына» жеткен кен орындар. Ұлттық компанияның осы мәселемен айналысқанына бірнеше жыл болды. Жұмыстардың сапасы мен тиімділігін арттыру, қорлардың орнын толтыру тәсілдерін іздестіру, жаңа қорларды дайындау және оларды жаңа, сондай-ақ ескі кен орындарында, соның ішінде барлауға дейінгі қорытынды бойынша игеруге енгізу мәселелеріне ден қойылған.

Айталық, 2017 жылы ҚМГ қайта барлаудың егжей-тегжейлі бағдарламасын әзірледі. Ол дәлдігі жоғары 3Д сейсмобарлауды және жаңа ұңғымаларды бұрғылауды қоса алғанда, белгілі бір кен орындарды қайта барлау жөнінде іс-шараларды іске асырудың түрлері, көлемі мен мерзімі бойынша ұсыныстарды қамтыды. Бүгінде осы жұмыстардың нәтижесі бар, қосымша қорлар балансқа қойылып, өндіруге енгізілді.

Біз салық жеңілдіктері тұрғысында мемлекеттік органдармен де өзара жұмыс істейміз. Өзен кен орны бойынша алдағы 3 жылға 2,6% мөлшерінде пайдалы қазбаларды өндіру салығына жеңілдік берілді. Үнемделген қаражаттың бір бөлігі Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсалса, ендігі бір бөлігі «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының жеке өндірістік процестеріне инвестицияланады.

Өкінішке қарай, әлемнің қаржы және мұнай нарықтарындағы дағдарыстың, мұнайға төмен бағаның салдарынан Ұлттық компанияға қарасты бірқатар мұнай өндіру активтері өндірістің шығынсыз деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Бұл мұнай өндіру көлемінің азаюына әкеледі. Әсіресе, бұл өзіндік құны жоғары ескі кен орындарға байланысты.

**- Шетел инвестицияларын тарту үшін геологиялық барлау саласында қандай шаралар қабылданып жатыр?**

- «ҚазМұнайГаз» компаниясы өзінің стратегиялық серіктестерімен бірге барлау активтері бойынша жұмыстарын жалғастыруда. Айта кететін жәйт, аталған жобалар кэрри-қаржыландыру шарттары негізінде жүзеге асырылады. Яғни, стратегиялық серіктестес барлаудың барлық кезеңдеріндегі шығындарды 100% өз есебінен қаржыландырады. Геологиялық барлау тәуекелі жоғары іс-шара болғандықтан, бұл жаңа кен орындарды іздеу тәуекелдерін бірге көтеріп, озық технологияларды тарту және әлемдік мамандармен тәжірибе алмасудың бірегей мүмкіндігі болып табылады. Сонымен қатар әлемдік мұнайгаз компанияларымен еліміздің шөгінді алаптарын және барлау блоктарын бірлесіп зерттеу жөнінде келісімдер жасалады.

Геологиялық барлау саласында шетел серіктестерінің қатысуымен іске асырылып жатқан бірнеше маңызды жобаларды атап өтейін. Атап айтқанда, 2019 жылдың сәуір айында ҚМГ Лукойл компаниясымен бірлесіп, «Жеңіс» жобасы бойынша жер қойнауын пайдалануға Қазақстанның Энергетика министрлігімен келісімшарт жасасты. 2019 жылдың шілдесінде «ҚазМұнайГаз» ENI-мен бірлесіп, Абай учаскесінде көмірсутекті барлау мен игеруге Қазақстанның Энергетика министрлігімен келісімшартқа қол қойды. Алғашқы барлау ұңғымаларын бұрғылау мақсатында осы жобалар бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Жалпы жұмыстар жоспарға сай жүріп жатыр.

2020 жылдың басында BP компаниясымен келісім жасалды. Оның аясында BP компаниясы ҚМГ-мен бірге Қазақстанда геологиялық барлау мен өндіру жұмыстарын жүргізуге дайындығын білдірді. Өзара мүдделі учаскелер анықталды, барлау жүргізілді, енді барлау мен өндіруге келісімшартқа отыру мақсатында келіссөздер жүргізу жоспарланып отыр. Эквинор, ЛУКОЙЛ, Шеврон және тағы басқа компанияларымен бірге мұнайлы-газды алқаптар геологиялық тұрғыда зерттелуде.

Әлбетте, мұнай бағасы құлдыраған кезеңде компания өзінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін дағдарысқа қарсы шараларды барлық бағыттар бойынша қабылдауға міндетті. Соның ішінде, геологиялық барлау да бар. Бүгінгі таңда тәуекелдерді жіктеу және көп қаражатты талап ететін жаңа жобаларды реттеу шараларды іске асырылды. Нәтижесі бойынша барынша перспективті учаскелерде жұмыстарды жалғастыру жөнінде тиісті шешімдер қабылданды. Бұл ретте тәуекелдерді бірге көтеру үшін отандық және шетел серіктестерінің болуы ескерілді.

Қорлардың орнын толтыру және тиімді барлау жүргізу мәселесі қашанда Ұлттық компанияның стратегиялық міндеттерінің бірі болып келді және солай болып қала береді.

**- Цифрлық трансформациялау бағдарламасы кейінге шегеріле ме?**

- Цифрлық трансформациялау жобасын біз дағдарысқа қарсы стратегияның бір бағыты ретінде қарастырамыз. Бұл бүгінгі күннің талабы екенін жақсы түсінеміз. Осы бағытты дұрыс қолға алсақ, компанияның мүмкіндіктері кеңейе түседі. Дегенмен, артық қыламыз деп, тыртық қылудың қажеті жоқ. Біз трансформациялық жобаларды мұқият саралап, жан-жақты ойластырып барып іріктеп аламыз. Нақты қаржылай табыс әкелетін жобаларға басымдық берілетін болады.

Қазіргі уақытта бізде түрлі бағыттағы жобалар бар, көбісін біз жалғастырамыз. Көпфункционалды ортақ қызмет көрсету орталығын құру және жаңартылған ERP жүйесін енгізу шығындарды қысқартуға, бизнес-үдерістердің ашықтығын арттыруға бағытталған. Бұдан бөлек, өндірістегі қатынастар мәдениетін дамытуға көмектесетін HR-бастамалары мен Lean Six Sigma бағдарламасы да бар. Осының бәрі адамдардың күнделікті жұмысына деген қатынасын өзгертіп, еңбек етуге жігерін арттырады.

Жалпы әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, цифрландыру негізінен upstream саласында мейлінше нәтиже береді. Ұлттық компания ұзақ жылдар бойы Интеллектуалды кен орны тұжырымдамасын дамытып келеді. Бұл тұжырымдама кен орындарынан алынған деректерді кеңінен талдау арқылы мұнай өндіру процесін барынша тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Біз компанияларымыздың ерекшелігін ескере отырып, жасанды интеллектіні қолдану және машинамен оқыту мүмкіндіктерін зерттеп жатырмыз. Мұндай жобаларды енгізу қабылданып жатқан технологиялық шешімдердің тиімділігі мен сапасын арттырады, сондай-ақ бірінші кезекте операциялық шығындарды оңтайландырады деп есептейміз.

**- Компания дағдарысқа қарсы шараларды іске асырғаннан кейін оның нәтижесі қандай болмақ?**

- ҚМГ өзінің шығындарын кірістің қазіргі төмен деңгейіне сәйкестендіріп, өз операциялық ағындарын ретке келтірсе, демек біздің міндетіміз табысты орындалғаны. Сонымен бірге компания бүгінгі күнге дейінгі жинақталған ақша қаражатын барынша сақтап, борыш жүктемесін ескере отырып, осы қаражаттың басым бөлігін операциялық шығындарға емес, стратегиялық даму жобаларына жұмсайтын болса, бұны да жетістік деп санаймыз.

Жоғарыда аталған шаралар дер кезінде іске асырылатын болса, «ҚазМұнайГаз» алдағы ықтимал сынақтарға шұғыл әрекет ете алатын, тиімді басқару үлгісі бар компанияға айналатыны сөзсіз. Ол заманның да ауылы алыс емес.

*Экология*

# ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ КОДЕКС ЖДУТ ИЗМЕНЕНИЯ

**Скоро выходит новая версия Экологического кодекса Республики Казахстан, то есть полностью меняются требования законодательства. Что мы ожидаем от новой редакции Экологического Кодекса и как нововведения могут отразиться на деятельности АО «Мангистаумунайгаз»?!**

**Итак, в новой редакции будут реализованы 7 основных принципов.**

### Первый принцип: «Загрязнитель платит и исправляет»

Данный принцип подразумевает меры по предотвращению загрязнения и контролю, но также ответственность за восстановление от ущерба окружающей среде.

То есть увеличится количество штрафов и предприятиям выгоднее принять меры по недопущению негативного воздействия на окружающую среду, чем платить штрафы. Помимо этого, предприятия, причинившие вред окружающей среде, будут обязаны восстановить окружающую среду до первоначального уровня.

### Второй принцип: «Новые подходы оценки воздействия на окружающую среду»

По действующему Экологическому кодексу требование о прохождении процедуры оценки воздействия на окружающую среду (ОВОС) – применяется практически ко всем, данный подход оказался малоэффективен и нецелесообразен. Соответственно, в новом документе предлагается такое требование применять только в отношении крупных предприятий «первой категории», на которых приходится 80% выбросов. При этом общественность участвует во всех стадиях ОВОС. Процедура ОВОС усложнена и дополнена рядом дополнительных процедур: этап уведомления о намечаемой деятельности, определение сферы охвата, проект отчета о возможных воздействиях, скрининг, что удлиняет период прохождения ОВОС и является предварительным этапом. Ужесточено требование к подрядным организациям, оказывающим услуги по проектированию для объектов 1 категории – наличие собственной лаборатории, предусмотрены нормы административной и уголовной ответственности, а также после проектный анализ с выдачей заключения о соответствии объекта проекту с выдачей рекомендации провести корректировку проекта при необходимости.

### Третий принцип: «Внедрение наилучших доступных технологий (НДТ) и экономические меры стимулирования»

Для максимального улучшения экологической ситуации необходимо внедрение наилучших доступных технологий. Для этого промышленные предприятия проходят технологический аудит. Им предлагаются технологии, использование которых позволит снизить объёмы выбросов. Предприятия, внедрившие НДТ, будут освобождены от платы за эмиссии. В случае, если они не переходят на НДТ, их ставки платы за эмиссии будут расти в 2,4,8 раз ежегодно, соответственно вырастут и штрафные санкции.

### Четвертый принцип: «Направление платы за эмиссии на экологические мероприятия»

В действующем законодательстве отсутствует обязательность расходования на природоохранные мероприятия средств, поступивших от платежей за эмиссии в окружающую среду. Поэтому местные исполнительные органы выделяют на охрану окружающей среды минимальный процент, в среднем всего лишь 45%. Текущая ситуация с экологическими платежами и их расходованием неоднократно подвергалась критике со стороны предприятий и международных экспертов. В этой связи в проекте новой редакции Кодекса предусмотрено обязательное финансирование природоохранных мероприятий за счёт поступающих экологических платежей в объеме 100%. Все средства будут расходоваться на окружающую среду и улучшение экологической обстановки.

### Пятый принцип: «Создание автоматизированной системы мониторинга выбросов»

В проекте Экологического кодекса для объектов I категории с целью получения своевременной и достоверной информации о качественном и количественном составе выбросов и сбросов предусмотрена обязательная автоматизация производственного экологического мониторинга с передачей данных в уполномоченный государственный орган в режиме онлайн. АО «Мангистаумунайгаз» приступил к реализации автоматизированного мониторинга, разработан рабочий проект, согласован с госорганами. Планируются этапы постепенного ввода - первоначально планируется подключить к системе онлайн объект ГТЭС на месторождении Каламкас.

### Шестой принцип: «Усиление экологического контроля»

Проектом сопутствующего закона предлагается внести изменения в Предпринимательский кодекс, в части проведения проверок по фактам, непосредственно затрагивающим условия жизнедеятельности населения. Данные изменения направлены на оперативное реагирование в случае негативного влияния на окружающую среду. Усиливается ответственность за экологические правонарушения, путём увеличения административных штрафов в 10 раз. С введением новой редакции предусмотрены внезапные проверки уполномоченным органом с привлечением общественных организаций. Основанием для посещения субъекта является получение уполномоченным органом обращений от общественных объединений в области охраны окружающей среды. Уполномоченный орган имеет право привлекать в ходе посещения субъекта в качестве наблюдателей представителей общественных объединений в области охраны окружающей среды.

### Седьмой принцип: «Совершенствование управления отходами производства и потребления»

В проекте нового Экологического кодекса основной упор делается на внедрение принципов циркулярной экономики, используемых в странах ОЭСР. В рамках данного проекта предусматривается иерархия отходов, которая направлена на поэтапное управление отходами, то есть последовательность мероприятий, направленных на предотвращение образования, повторное использование, переработку, утилизацию отходов. В целях снижения количества несанкционированных свалок будет внедрено лицензирование деятельности предприятий, занимающихся переработкой и утилизацией отходов, и уведомительный порядок для мусор вывозящих организаций.

В настоящий момент еще проводятся обсуждения проекта с общественностью, ассоциациями, экологами различных регионов. АО НК «КазМунайГаз» совместно с ДЗО, включая АО «Мангистаумунайгаз» участвуют в рабочих группах, излагают свои требования и предложения. Прошло первое заседание ВКС по выбору аудиторов по наилучшим доступным технологиям. Работа продолжается.

**Ж. Екибаева,**
**руководитель службы ООС и ПГ ДТБОТиООС**

*КОВИД-19: Жадынама*




# ЖЕТІБАЙЛЫҚТАР АЛҒЫ ШЕПТЕ!

Бәрекелді, "Жетібаймұнайгаз" өндірістік басқармасының ұжымы!

Індет іргемізді аңдып, халықтың ахуалы күн санап төмендеп бара жатқаны баршамыздың жанымызға батуда. Сүттей ұйыған халықтың тыныштығы қашып, індеттен еңсесі түсіп қорғансыз күн кешуде.

Осындай ауыр сәтте "Жетібаймұнайгаз" өндірістік басқармасының ұжымы тыныс алуы қиындаған науқастардың дұрыс дем алуы үшін, босаған оттегі (кислород) балондарын қабылдап, орнына толық балондарды ауруханаларға жеткізуді ауыл әкімдерімен бірге ұйымдастыруда. Арнаулы чат арқылы бір-біріне хабар салған мұнайшылар ауруханаға көмекке келуде.

Құрық, Жетібай ауылдарындағы ауруханаларда ем алып жатқан науқастарға көмек қолын созған жаны жомарт жандарға мың алғыс!

Нағыз қайырымды жанашыр жан осындай сәтте байқалады. Аудан тұрғындарының саулығын ойлап, барын салатын осындай азаматтардың жүректілігіне қалайша разы болмайсыз?

Пандемиямен күресуде әлсіздік танытпайық!



*Еңбекпен есейген Ерлер*

# КӘСІП ТҮБІ - НӘСІП

Талғаттың  кіндік қаны тамған ауылы – Таушық. Таушықтықтарға салсаң, Дана, Абыз Әбіш Кекілбаев балалық шағын өткізгенін, қазақтың бұлбұлы Роза Бағланова аспанына ән әуелеткенін, ұлы сазгер Шәмші Қалдаяқов пен ақиық ақын Төлеген Айбергеновтің шабытын шалқытып өмірге келген «Ақ ерке - Ақ жайық» әнінің олардың Маңғыстау сапарында Таушық сахнасында тұңғыш орындағанын мақтанышқа айтады. Атакүлдігінің тарихы ғой ол...

Ата-анасы сонау 60-жылдардың аяғында аймаққа теміржолдың келуіне байланысты құрылған Шетпе поселкесіне көшіп, балалық шағы осында өтті, осында есейді. Балалық шағы барлық ауыл балалары сияқты қозы-лақ бағумен, ауылдың шаңын аспанға шығарып доп соңындағы ойынмен өткені есінде.

Әкесі Теміралиев Бигелді - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Шетпеге көшіп келгенде, сол кезде ашылған №2 мектепке орналасты, жылдар бойы сол мектепте директор қызметін атқарды. Ұлағатты  Ұстаз, кең пейілді, парасатты азамат, құрметті демалысқа да осы жерден оқу ісінің меңгерушісі болып абыроймен шықты. Анасы – Тастығараева Бұрыш, сауда саласының қызметкері болды.



Орта мектепті ойдағыдай аяқтап, Алматыға арман қуып аттанған жас жігіт Қазақ дене тәрбиесі институтына оқуға түсті. Дене тәрбиесі пәні маманы болып  туған ауылға оралып, мектепке орналасты. Әке көрген оқ жонар демекші, ұстаздық ете жүріп, әр жылдары ауданда методист, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды, қазақша күрестен жаттықтырушы болып шәкірт тәрбиелеудің қыр-сырына қанықты.

Кейін Кеңес өкіметі тарап, еліміз егемендік алған тұстағы қиындықтарды бастан кешкен елдің санатында Талғат Бигелдіұлы да болды. Өзіне қараған отбасының, бала-шағаның қамымен табысы молдау салаға ауысуды шешкен ол Ақтау қаласындағы оқу комбинатынан сорғы станциясының машинисі мамандығын игерді.

- «Ең алғаш мұнай саласында жұмысқа шыққан күнім есімде. Ол – 1995 жылдың сәуір айы болатын. Ақ жағалы, кірпияз мұғалімдіктен бірден бел шешіп мұнай саласына жұмысқа кірісу оңайға соқпады. Қаламқас кенорынына мұнай өндіру операторы болып орналасып, сол жерде 10 шақты жыл қатарынан еңбек еттім, кейін қабат қысымын ұстау цехына машинист болып ауыстым. Алғаш кенорынға келгенде оператор Елубаев Кеңес, жас та болса тәжірибесі бар Сүйеуов Амантай көп көмектесті, одан соң қабат қысымын ұстау цехына ауысқасын Оразбаев Руслан деген азаматтан көп нәрсені үйрендім», -дей келіп, Талғат аға кейін қарап-бақылап жүріп жұмыстың қыр-сырын алып кеткенін байыппен еске алады.

Талғат Бигелдіұлының жұмыс орны саналатын қабат қысымын ұстау цехында мамандар мұнайды жоғары көтеру үшін жер астына су айдау қызметін атқарады. Бұл учаскедегі жұмыс үлкен жауапкершілікті талап етеді. Компанияның жылдық жоспарды толық орындап, биік белестерді бағындыруына осы цехтың атқаратын рөлі зор. Стансадағы насостардың көмегімен тәулігіне қажетті мөлшердегі суды қатты қысыммен жер қабатына айдайды.

«Уақытында жұмыстың қиындығын да көрдік, кенорын алғашқы құрылған жылдары запчастьтар жетіспей, редукторлар әдеттегі төрт ременьнің орнына бір ғана ременьмен жұмыс жасап тұрған күндер болды. Тұрып қалған качалкалардан, жұмыс жасап тұрған качалкаларға талай май тасыдық. Бүгінде оның барлығы көрген түстей, жұмыстың дені техниканың, жетілген құрал-жабдықтың көмегімен атқарылады. Мұнайшыларға жасалған қамқорлықтың, жақсы еңбек жағдайының арқасында әсем де жайлы ғимаратта жұмыс жасаудамыз. Жылдан-жылға заманға сай құрал-жабдықтар, қондырғылар өндіріске енгізіліп келеді. Осы салада еңбек етіп, мұнай-газ өнеркәсібінің өркендеуіне тамшыдай болса да үлес қосып жүрміз деп ойлаймын»,- дейді бізбен әңгімесін онан әрі сабақтаған  Талғат  Бигелдіұлы.

Ұзақ жылғы еңбегінен тапқан марапаты да мол. Компанияның алғыс хаттары мен медалін  құр мадақ емес, төккен жерінің, еткен еңбегінің өтеуі деп қадір тұтады. Базарлы отбасы мен көз қуанышы бес баласын тағдырының өзіне ерекше еншілеген сыйы деп шүкіршілік етеді. Жолдасы – Оңайгүл химия пәнінің мұғалімі, қазір құрметті демалыста. Балаларының барлығы отбасылы, олардан көрген қызығы - немерелері өсіп жатыр. бүгінде мектеп оқушылары.

Сүйікті спорты әлі күнге жанына серік. Бір жылдары тоғызқұмалақтан  «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары атынан Нұрсұлтан, Шымкент қалаларында спартакидаларда жүлделі орындарға ие болып туған компаниясының намысына тұрды. Салауатты өмір салтын ұстану, таңертеңгілік жаттығулар талай жылдан бері қалыптасқан дағдысы. Қолы қалт етсе тарихи кітаптарды оқуды ұнататындығы Ұстаз әкенің бойына сіңірген ұлағаты.

«Өмірдің өткелектері  кезең-кезеңімен бейнефильмдегі үзік-үзік кадрлар сынды, көзді ашып-жұмғанша өте шығыпты, зейнеткерліктің де ауылы алыс емес» дейді біздің кейіпкеріміз. Дегенмен алаң көңілі - ел шетіне тиген дертте, бүгінгі елдің басына түскен сынақта.  Бұл індеттен еліміздің аман-сау, барынша аз шығынмен өтіп кетуін тілеген ол қай қиындықтың да артынан міндетті түрде жақсылық келетіні заңдылық болса, ертеңгі күнге барлығы бұрынғы қалпына келер деген үлкен үмітпен қарайық деп жүдеу көңілімізге ағалықпен демеуін білдірді. Біз де «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, Қабат қысымын ұстау цехының машинисі Талғат Теміраліге зор денсаулық, отбасы амандығын тілейміз. Айтқаныңыз келсін, аға!

# ҮШТАҒАННЫҢ ҰЛАНЫ




Редакцияның озат әріптес туралы кезекті тапсырмасы бойынша сұхбаттасқан кейіпкерім «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы, 3-ші мұнай-газ өндіру цехының 2-дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы Қайырғали Тәкеновтің Маңғыстау киіз үйінің атағын алысқа ұзатқан, көне мұраны бүгінгі жеткізген атақты Атабай Тәкеновтың ұлы екенін білмегенім рас.

Ғасырлар қойнауынан салтанатын бұзбай болашаққа бет алған теңдесі жоқ ұлттық қолөнерді ұлтына аманаттап кеткен марқұм Атабай шебердің артында қалған ұлағаттың, көрегенділіктің сөзін естуіміз бар. 1992 жылғы Дүние жүзі қазақтарының Алматы қаласында өткізілген Құрылтайы төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен қазақтардың атакүлдікте бас қосқан, қазақ халқының тағдыры, ата-баба мұрасы, тілі, бүкіл дүние жүзіндегі қазақтарды біртұтас ұлттық мемлекетіне біріктірудің құқықтық негіздері талқыланған ұлы жиын болды. Тағдырдың айдауымен сыртқа кеткен бауырластарға көзайым болсын деген болу керек, орталық парктегі көрмеге Маңғыстаудан  Атабай Тәкенов пен Бақыт Бозжігітов қос үй тігеді. Ауылды аралаған Елбасы Атабай ағамыздың үйіне аялдап, киіз үйге тамсанып үйді тәбәрік ретінде қалдыруға қолқа салғанда, үй иесі «Атам қазақ басындағы баспанасын ешкімге бермеген. Себебі, онда Құт бар. Қара шаңырағын жаугершілікте шегінгенде де жұртта қалдырмаған, ырымға жаман, сондықтан да мен де қалдыра алмаймын. Бірақ нақ осындай үйді барлық жабдық-тарымен жасап берейін» деп уәде берген екен. Кейін уәдесін орындаған.

Сол үй қазір  Алматыдағы орталық мұражайда тұр. Шебердің ой-қиялының, дүниетаным көкжиегінің кеңдігінің дәлеліндей болған теңдесі жоқ ұлттық қолөнердің туындысы Тәкеновтер әулеті үшін де үлкен мәртебе, ұрпақтан-ұрпаққа мирасқа қалар ұлы мұра.

- Әкем «Адамды өмірге құлшын-дыратын да, алдағы үмітінді шындыққа айналдыратын құдіретті нәрсе – еңбек» деген ұстанымдағы ісмер адам еді. Киіз үйдің қаңқасынан бастап құрастырып, мың бояулы бауларынан бастап туырлық, түндіктеріне дейін өзі бас болып дайындайтын. Жалпы біздің Үштаған ауылын Маңғыстаудың киіз үйінің ұстаханасы десек өзгелер ренжімес деп ойлаймын, Көнеден бері шешелеріміз қызылды-жасылды жасаумен үй жабдықтап, тігетін - деп Қайырғали туған ауылын құрметпен әңгімеге қосты. Үштағанды айтқанда ол заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев оқыған мектепте білім алғанын да мақтан тұтады. Әркімге өскен ұясының, туған ауылының ыстық болатыны, сірә, белгілі.

Зейнеткерлікке шыққанша аудандық бөлшек сауда бөлімдерінің бастығы болған әкесі Атабай мен дүкенші болып қызмет атқарған анасының «ешкімнің ала жібін аттама, адал жүр» деп құлақтарына құйып кеткен өсиеті балаларының өмірлік қағидасына айналған. Қайырғали Атабайұлы орта мектепті бітірген соң, сол кезеңдегі жастардың көпшілігі секілді шопырлық курстан өтіп, совхозда шопыр болды. Осылайша еңбекке ерте араласып, еңбектің тәтті нанын татты. Одан Орынбор асып, Отан алдындағы борышын ойдағыдай атқарып келді. Кейін Өзендегі мұнай техникумынан мұнай-газ өндіру операторы мамандығын алып шықты да, өндіріске орналасты. Алғаш жұмысқа келген кезде өз саласының майталманы Иван Мурабеков мұнай өндіру саласының қыр-сырына үйретсе, ал сол кездегі цех бастығы  Жетібай Төлеғожаев та біліктілікпен аса ауыр жұмыстарды ұйымдастыра білуге баулыды.

Бүгінгі таңда Шығыс Жетібай кенорнында жұмысының негізгі бөлігін өткізетін Қайырғали Атабайұлы өзге 2 оператормен біріге отырып, мұнай мен газ өндіру әдістері кезіндегі технологиялық процестерді жүргізеді, қызмет көрсетеді, жабдықтар мен механизмдерді бөлшектеп, жинақтайды. Скважина жұмыстарының белгіленген режимін сақтап, газ дайын-даудағы кешенді қондырғылардың, топтық өлшеу қондырғыларының, газды жерасты сақтау станциялары және басқа нысандардың жұмыстарын жүргізеді. Мұнай кәсіпшілігі жабдықтары мен арматуралардың механизмдерін жинайды және әзірлейді, жөндейді. Бұдан бөлек қазіргі заманғы мұнай және газ өндіру операторларынан жан-жақты білім және компьютер игеру талап етіле-тіндігі тағы бар. Алғашқыда оңай болмаған осы міндеттің барлығы, бүгінгі таңда бір жолға қойылған, жүйелі еңбекке ұласты. Соңғы кездері өндіріске енгізілген Крон дейтін аппаратты, зерттеп-зерделеп, оны да үйрену үстінде.

Әуелден ырыс-береке дарыған Қайырғали ағаның шаңырағы ынтымақтың ұясы десе болады. Жолдасы – медицина саласының маманы, саналы ғұмырын ауырған адамдардың жанына жалау болып, одан қала берді отбасының жағдайын жасауға арнады. Отбасындағы  5 баласының барлығы да жоғары білімді мамандар, көз қуанышы - немерелері де өсіп-өніп жатыр. Адамшылық-кісілікті жоғары бағалап, татулықты берік отбасының басты қағидасы санайтын Қайырғали ағай:

- Ең бастысы – қайғысыз ішкен қара су, ел-жұрт аман болғай-дағы, төрт құбыламыз түгел отырғаннан артық қандай бақыт керек?! Халықтың қарны тоқ, уайымы жоқ болғай! Мен осы мұнайлы өлке Маңғыстауда туып, ұрпақ жалғастырып, осындай бірлігі жарасқан елде тұрып жатқаныма мақтанамын! Аты жаман індеттен тезірек құтылайық»,-  деп ақ тілегін жолдады.

Жұмысын аса үлкен ыждағатпен атқаратын биязы мінезді  ағайдың маңдай тердің арқасында алған бірнеше жетістіктері мен марапаттары бар. Ол да осы күнге дейін еткен еңбегінің еш кетпегені деп біледі. Өткеніне құрметпен қарап, болашағынан зор үміт күтетін ұжымдасымыздың абыройдың биігінен  көріне беруіне біз де тілекшіміз!

**Арайлым Ақшаева**




Мұнайлы Өлке

Меншік иесі: “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, А.Ақшаева

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терiлiп, беттелдi.

Индексі: 64265

“ATIS” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500